

«ФинтехФинанс» МҚҰ» ЖШС-нің микрокредиттер беру қағидалары

БЕКІТІЛДІ

«ФинтехФинанс» микроқаржы ұйымы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қатысушыларының
кезектен тыс Жалпы жиналысының
2026 жылғы «02» шілдеде
қабылданған шешімімен



ҚАҒИДАЛАР

**«ФинтехФинанс» микроқаржы ұйымы»
ЖШС-ның
микрокредиттер беру қағидалары
(20.0 нұсқа)**

Алматы, 2026 жыл

Осы «ФинтехФинанс» микроқаржы ұйымы» ЖШС-ның микрокредиттер беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 26 қарашадағы № 56-V Заңына (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 15 мамырдағы № 92 қаулысымен бекітілген Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға қойылатын талаптарға (бұдан әрі - № 92 талаптар), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ «ФинтехФинанс» микроқаржы ұйымы» ЖШС-ның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

Осы Қағидалар 2026 жылғы 2 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және «ФинтехФинанс» микроқаржы ұйымы» ЖШС-ның бұрын қолданыста болған микрокредиттер беру қағидаларын алмастырады.

МАЗМҰНЫ

- 1-тарау.** Жалпы ережелер
- 2-тарау.** Микрокредит берудің шекті сомалары мен мерзімдері
- 3-тарау.** Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары
- 4-тарау.** Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдеріне қойылатын талаптар
- 5-тарау.** Микрокредит беру туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімдері
- 6-тарау.** Адал мінез-құлық және жауапты микрокредиттеу қағидаттары
- 7-тарау.** Микрокредит беруге байланысты қаржылық өнімдерді ұсыну талаптары
- 8-тарау.** Мониторинг. Шарт талаптарының орындалуын бақылау
- 9-тарау.** Шартты өзгерту және бұзу тәртібі
- 10-тарау.** Төлем қабілетсіз қарыз алушымен өзара іс-қимыл жасау тәртібі
- 11-тарау.** Клиенттермен жұмыс жүргізу тәртібі туралы ереже
- 12-тарау.** МҚҰ мен қаржылық қызметті тұтынушының құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершілігі
- 13-тарау.** Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың өтініштерін қарау тәртібі
- 14-тарау.** Келіспеушіліктерді реттеу кезінде қаржылық қызметтерді тұтынушымен және микроқаржылық (қаржылық) омбудсманмен өзара іс-қимыл жасау тәртібі
- 15-тарау.** Құпиялылық. Дербес деректер және микрокредит беру құпиясы
- 16-тарау.** Мүгедектігі бар адамдарға және халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына қызмет көрсету тәртібі, сондай-ақ сенім білдірілген тұлғаның қатысуымен қызмет көрсету ерекшеліктері
- 17-тарау.** Қорытынды ережелер

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар жеке тұлғаларға, оның ішінде жеке кәсіпкерлерге (бұдан әрі – Қарыз алушы(лар)) микрокредиттер беру және оларға кейіннен қызмет көрсету тәртібі мен талаптарын, сондай-ақ «ФинтехФинанс» микроқаржы ұйымы» ЖШС-ның (бұдан әрі – МҚҰ) қаржылық қызметтерді тұтынушылармен өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындайды.
2. Қағидалар МҚҰ-ның микрокредиттер беру жөніндегі операцияларын жүргізуді регламенттеу мақсатында әзірленді, оның ішінде микрокредит беруге өтініш беру тәртібін, оны қарау тәртібін, микрокредиттің жарамдылығын бағалауды жүргізу тәртібін, сондай-ақ микрокредит беру туралы шарт жасасу, оны кейіннен өтеу, оған қызмет көрсету және оны жабу тәртібін белгілеуді қамтиды.
3. Осы Қағидалар ашық ақпарат болып табылады және коммерциялық құпияның немесе микрокредит беру құпиясының нысанасы бола алмайды. Бекітілген Қағидалардың көшірмесі МҚҰ-ның ресми интернет-ресурсында: <https://moneymap.kz>, сондай-ақ қаржылық қызметтерді тұтынушылардың қарап шығуы және танысуы үшін қолжетімді орындарда орналастырылады.
4. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

сыйақы - МҚҰ-ға тиесілі ақшаның жылдық мөлшерін есепке ала отырып, микрокредит сомасына пайыздық мәнде айқындалатын берілген микрокредит үшін төлем;

жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі (ЖТСМ) - уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен есептелетін, микрокредит бойынша шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі;

микрокредит беру туралы шарт (Шарт) - оған сәйкес МҚҰ Қарыз алушыға ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық талаптарымен микрокредит беретін шарт. Жеке тұлға – Қарыз алушымен, оның ішінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғамен жасалатын Шарт жазбаша нысанда, оның ішінде Қарыз алушының өз қолымен қол қоюы арқылы не микрокредиттерді электрондық тәсілмен беру қағидаларына сәйкес және Қағидалардың 7-тарауында көзделген тәртіппен электрондық тәсілмен жасалады. Микрокредит беру туралы өтініш, негізгі ақпараттық құжат (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес микрокредиттер үшін) және микрокредитті өтеу кестесі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады;

қосымша қызмет - негізгі қаржы өнімін алумен бір мезгілде қаржылық қызметті тұтынушыға – жеке тұлғаға ұйымның өз атынан және (немесе) үшінші тұлғаның тапсырмасы бойынша ұсынылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті болып табымайтын және Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, қаржылық қызметті тұтынушы бас тартқан жағдайда микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның негізгі қаржы өнімін беруден бас тартуына әкеліп соқтырмайтын қаржы өнімі және (немесе) өзге де қызмет (жұмыс, сервис);

сенім білдірілген тұлға - осы Қағидаларда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен мүгедектігі бар адамның немесе халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына жататын адамның келісімімен оның жасайтын операцияларына ілесіп жүруді және (немесе) қосымша бақылауды жүзеге асыратын жеке тұлға;

Қарыз алушы - МҚҰ-мен Шарт жасасқан жеке тұлға, оның ішінде жеке кәсіпкер.

Өтініш беруші/Клиент - МҚҰ-ға микрокредит беруге арналған өтініш-сауалнаманы берген жеке тұлға, оның ішінде жеке кәсіпкер;

Өтініш-сауалнама (Өтініш) - осы Қағидаларда жазылған талаптарға сәйкес Шарт жасасу туралы не микрокредит талаптарына өзгерістер енгізу туралы, МҚҰ белгілеген нысанда ресімделген Өтініш берушінің ұсынысы;

БЖК - уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне және (немесе) МҚҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жеке кәсіпкер болып табылмайтын қарыз алушылар - жеке тұлғалар бойынша айқындалатын және есептелетін борыш жүктемесінің коэффициенті, ол Өтініш берушінің/Қарыз алушының барлық өтелмеген микрокредиттері мен қарыздары бойынша міндеттемелері шамасының, оның ішінде мерзімі өткен төлемдер сомалары мен туындайтын берешек бойынша орташа ай сайынғы төлемнің соңғы 6 (алты) айдағы орташа ай сайынғы кірісіне қатынасы ретінде айқындалады;

негізгі ақпараттық құжат (НАҚ) - уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нысан бойынша жасалатын, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес микрокредит беру туралы Шарт жасалғанға дейін қаржылық қызметті тұтынушыға - жеке тұлғаға ұсынылатын және Шарттың бір бөлігі болып табылатын құжат;

кредиттік бюро - кредиттік тарихтарды қалыптастыруды, кредиттік есептер беруді және өзге де қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын ұйым;

кредиттік тарих - кредиттік тарих субъектісі туралы ақпарат жиынтығы;

кредиттік досье - МҚҰ әрбір Қарыз алушы бойынша қалыптастыратын құжаттар мен мәліметтер;

кредиттік скоринг - Өтініш берушінің/Қарыз алушының кредит төлеу қабілеттілігін (кредиттік тәуекелдерін) бағалаудың сандық статистикалық әдістерге негізделген автоматтандырылған жүйесі;

кредит төлеу қабілеттілігі - Қарыз алушының МҚҰ алдындағы өзінің борыштық міндеттемелері бойынша болашақта Шартта көзделген мерзімде толық әрі уақтылы есеп айырысу мүмкіндігін бағалауға мүмкіндік беретін, сондай-ақ Қарыз алушыны кредиттеу кезіндегі тәуекел дәрежесін айқындайтын сапалық және сандық көрсеткіштермен берілген Қарыз алушының кешенді құқықтық және қаржылық сипаттамасы;

Жеке кабинет - Сайтта/Мобильдік қосымшада орналасқан, МҚҰ мен Өтініш беруші/Қарыз алушы арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін автоматтандырылған ақпараттық жүйенің көпфункционалды қорғалған сервисі;

мүгедектігі бар адам (МБА) - аурулардың, мертігулердің (жарақаттардың, зақымдардың, контузиялардың), олардың салдарының немесе кемістіктердің салдарынан организм функцияларының тұрақты бұзылуы бар, бұл оның тыныс-тіршілігінің шектелуіне және әлеуметтік қорғалу қажеттілігіне әкеп соқтыратын денсаулық жағдайы бұзылған адам;

халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары (ХЖТШТ) - егде жастағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлер), мүгедектігі бар адамдар, өз бетінше жүріп-тұру, қызметтер алу, ақпарат алу немесе кеңістікте бағдарлану кезінде қиындық көретін адамдар, оның ішінде балалар арбаларын және (немесе) кресло-арбаларды, балдақтарды, таяқтарды пайдаланатын адамдар, кіші мектеп жасына дейінгі балалары бар адамдар;

Микрокредит - МҚҰ Қарыз алушыға Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында Шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында және МҚҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған молшерде және тәртіпшен ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық талаптарымен беретін ақша;

Мобильдік қосымша - ұялы байланыс абоненттік құрылғысында пайдаланылатын және ұялы байланыс қызметтері немесе интернет арқылы Жеке кабинетке қолжетімділікті ұсынатын бағдарламалық өнім (MoneyMap мобильдік қосымшасы);

мониторинг - жекелеген микрокредиттің/микрокредиттер портфелінің жай-күйін кезеңдік бақылау, қабылданған тәуекелдерді талдау және болжау.

негізгі борыш - Шартқа сәйкес Қарыз алушыға берілетін микрокредит сомасы;

жарамдылықты бағалау - МҚҰ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес микрокредитті жеке тұлғаға бергенге дейін (кредиттік лимитті ұлғайтқанға дейін) микрокредиттің қаржылық қызметті тұтынушының мақсаттарына (қажеттіліктеріне), қаржылық жағдайына және мүмкіндіктеріне сәйкестігін айқындау мақсатында жүргізетін рәсімдер жиынтығы;

жауапты микрокредиттеу - шамадан тыс берешектің туындауын болдырмау және қаржылық қызметті тұтынушыға залал келтіру тәуекелін төмендету мақсатында МҚҰ-ның қаржылық қызметті тұтынушыға - жеке тұлғаға оның төлем қабілеттілігі мен борыш жүктемесін, сондай-ақ микрокредит алу мақсаттарын (қажеттіліктерін) ескере отырып микрокредиттер беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруы;

ресми кіріс - Қазақстан Республикасының заңнамасына және МҚҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес есептелген орташа айлық кіріс;

төлем қабілеттілігі - Өтініш берушінің/Қарыз алушының МҚҰ алдындағы міндеттемелерін мерзімінде және толық көлемде тиісінше орындауға экономикалық мүмкіндігінің болуы;

қаржылық қызметті тұтынушы - микрокредит немесе МҚҰ-ның өзге де қаржы өнімі берілетін (берілген) не оны алуға ниеттенген Өтініш беруші, Клиент, Қарыз алушы - жеке тұлға;

тұтынушылық микрокредит - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға және (немесе) өзге де мақсаттарға жеке тұлғаға берілетін, жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген микрокредит болып табымайтын микрокредит;

мерзімі өткен микрокредит - микрокредит бойынша негізгі борыш сомалары және (немесе) сыйақы бойынша кез келген төлемді өтеу жөніндегі міндеттеменің орындалу мерзімі өткен микрокредит;

қайта қаржыландыру - МҚҰ-дағы бір немесе бірнеше қолданыстағы микрокредитті толық немесе ішінара өтеу мақсатында микрокредит беру;

сыртқы қайта қаржыландыру - микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын басқа ұйымда және (немесе) екінші деңгейдегі банкте бір немесе бірнеше қолданыстағы микрокредитті және (немесе) банктік қарызды толық немесе ішінара өтеу мақсатында микрокредит беру;

Сайт - <https://moneyman.kz> мекенжайы бойынша орналасқан МҚҰ-ның ресми интернет-ресурсы;

орташа айлық кіріс - Қарыз алушының соңғы алты айдағы жалақысы және (немесе) өзге де кіріс түрлері сомасының алтыға бөлінген қатынасы. Атаулы әлеуметтік көмек алушыға қатысты оның кірісін бағалау тек ресми кірістер негізінде айқындалады;

уәкілетті агент - МҚҰ-ның уәкілетті агенттері тізілімінде тұратын және тапсырма шарты негізінде клиенттерді тарту, құжаттардың МҚҰ белгілеген талаптарға сәйкестігін тексеру және көрсетілген құжаттарды МҚҰ-ға беру бойынша оған қызметтер көрсететін жеке немесе заңды тұлға;

МҚҰ-ның уәкілетті тұлғасы - МҚҰ-ның бекітілген өкімдік және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес өзіне берілген өкілеттіктер шеңберінде микрокредиттеу бойынша шешімдер қабылдайтын МҚҰ қызметкері;

МҚҰ-ның уәкілетті органы - МҚҰ-ның бекітілген өкімдік және (немесе) ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес өзіне берілген өкілеттіктер шеңберінде микрокредиттеу бойынша шешімдер қабылдайтын МҚҰ-ның алқалы органы;

уәкілетті орган - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган - Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі;

қаржы өнімі - Заңның 3-бабында белгіленген қызметті жүзеге асыру шеңберінде МҚҰ қаржылық қызметтерді тұтынушыларға ұсынатын қызмет;

аннуитеттік төлемдер әдісі - микрокредит бойынша берешекті өтеу әдісі, бұл ретте оны өтеу микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады, олар негізгі борыш бойынша ұлғайып отыратын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығына кезең үшін есептелген сыйақы бойынша азайып отыратын төлемдерді қамтиды;

сараланған төлемдер әдісі - микрокредит бойынша берешекті өтеу әдісі, бұл ретте оны өтеу негізгі борыш бойынша тең төлемдер сомаларын және негізгі борыштың қалдығына кезең үшін есептелген сыйақыны қамтитын азайып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады;

өзге төлемдер әдісі -

1. микрокредит бойынша берешекті өтеу микрокредит мерзімі аяқталған күні біржолғы төлеммен жүзеге асырылатын микрокредитті өтеу әдісі;
2. микрокредит бойынша берешекті өтеу микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылатын микрокредитті өтеу әдісі, бұл әдісті МҚҰ жасалатын Шарт негізінде МҚҰ алдындағы мерзімі өткен берешекті қайта қаржыландыру кезінде ұсынады. Өзге өтеу әдісі кезінде сыйақыны есептеу қайта қаржыландырылатын микрокредит бойынша негізгі борышқа және есептелген сыйақыға жүргізіледі, бұл ретте қайта қаржыландырылатын микрокредит бойынша есептелген мерзімі өткен сыйақы мен тұрақсыздық айыбы берілген микрокредит бойынша микрокредитті өтеудің жаңа кестесіне (төлемдер кестесіне) көшіріледі, жеке бағанда көрсетіледі және басым тәртіппен төленуге жатады;

СДАО - Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығы - клиенттерді сәйкестендіру рәсімдерін жүргізу үшін қолжетімді дереккөздерден клиенттердің деректерімен алмасу бойынша қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін ақша аударымдарының банкаралық жүйесінің операциялық орталығы;

АЕК - республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіш;

Микрокредиттерді электрондық тәсілмен беру қағидалары - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 217 «Микрокредиттерді электрондық тәсілмен беру қағидаларын бекіту туралы» қаулысы.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Заңда, № 92 талаптарда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған мәндерде қолданылады.

2-тарау. Микрокредит берудің шекті сомалары мен мерзімдері

1. МҚҰ микрокредиттерді өзінің микрокредиттеу бағдарламалары шеңберінде, сондай-ақ МҚҰ қатысатын мемлекеттік және өзге де сыртқы кредиттеу бағдарламаларын іске асыру шеңберінде мерзімділік, қайтарымдылық және ақылшылық талаптарымен, сондай-ақ МҚҰ-ның қалауы бойынша нысаналы пайдалану талабымен береді.
2. МҚҰ микрокредиттерді жеке тұлғаларға, оның ішінде жеке кәсіпкерлерге, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен, қамтамасыз етусіз (бланкілік), тұтынушылық және (немесе) кәсіпкерлік мақсаттарға және (немесе) қайта қаржыландыру мақсатында береді.
3. Бір Қарыз алушыға берілетін микрокредиттің шекті сомасы микрокредит беру туралы шешім қабылданған күнге республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген жиырма мың (20 000) айлық есептік көрсеткіштен аспайды. Мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредиттің ең жоғары сомасы республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген бір мың бір жүз (1 100) айлық есептік көрсеткіштен немесе уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген өзге мөлшерден аспайды.
4. Микрокредит беру мерзімінің шекті ұзақтығы 60 (алшыс) айдан аспайды.
5. Микрокредиттердің шекті сомалары мен мерзімдері әрбір Қарыз алушы үшін оның кредит төлеу қабілеттілігін, төлем қабілеттілігін және (жеке кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғалар үшін) микрокредиттің жарамдылығын бағалау нәтижелері бойынша, сондай-ақ борыш жүктемесі коэффициентінің (БЖК) мәні ескеріле отырып, осы тарауда және МҚҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген шектерде жеке айқындалады.
6. Қаржы өнімдерінің (микрокредиттердің) тізбесі, олар бойынша шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі (бұдан әрі – ЖТСМ), қаржы өнімі арналған қаржылық қызметтерді тұтынушылардың нысаналы тобы туралы ақпарат, сондай-ақ микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері мен көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтер Сайтта орналастырылады.
7. Микрокредиттер микрокредит мерзімі аяқталған кезде біржолғы өтеу талабымен де, микрокредитті өтеу кестесіне сәйкес бөліп өтеу талабымен де беріледі. Микрокредитті мерзімінен бұрын толық немесе ішінара өтеуге жол беріледі. Бұл ретте мерзімінен бұрын өтегені үшін тұрақсыздық айыбы және өзге де төлемдер алынбайды.

3-тарау. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары

1. МҚҰ беретін микрокредиттер бойынша сыйақы белгіленеді, оның мөлшері МҚҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарына және Шартқа сәйкес қаржы өнімінің түрі, микрокредит сомасы, мерзімі және кредит төлеу қабілеттілігін бағалау (жарамдылығын бағалау) нәтижелері ескеріле отырып, әрбір Қарыз алушы үшін жеке айқындалады.
2. МҚҰ беретін кез келген микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі (ЖТСМ) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген шекті мөлшерден аспауға тиіс.
3. ЖТСМ-ді есептеуді МҚҰ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес жүзеге асырады.
4. Микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері мен көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтер, олардың бекітілген және өзгерістер енгізілген күндері, ішкі құжаттардың нөмірлері және оларды бекіткен (қабылдаған) орган туралы мәліметтер көрсетіле отырып, Сайтта және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың танысуы үшін қолжетімді орындарда орналастырылады.

Бұл ретте берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамасы:

- кепілмен қамтамасыз етілмеген жеке тұлғаларға берілетін микрокредиттер бойынша - ЖТСМ жылдық 46%-ға дейін;
- республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген қырық бес айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде және қырық бес күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге берілетін, № 92 талапқа 5-қосымшаның 3-тармағында көзделген талаптарды қамтитын микрокредит беру туралы шарт бойынша - ЖТСМ жылдық 179%-ға дейін.

4-тарау. Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдеріне қойылатын талаптар

1. МҚҰ микрокредиттерді қамтамасыз етусіз (бланкілік) береді. МҚҰ микрокредиттер берген кезде кепілмен қамтамасыз ету, кепілдіктер және үшінші тұлғалардың кепілгерлігі қолданылмайды.
2. Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы тұрақсыздық айыбымен (айыппұлмен, өсімпұлмен) қамтамасыз етіледі. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған жағдайда, оған Шартта белгіленген мөлшерде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) есептеледі. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес, жеке тұлғамен жасалған Шарт бойынша микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімі өткен алғашқы тоқсан күн ішінде мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,5 пайызынан аспауға тиіс, бірақ Шарттың қолданылуының әрбір жылы үшін берілген микрокредит сомасының 10 пайызынан аспауға тиіс. Кәсіпкерлік мақсаттарға берілген микрокредиттер бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері Шартпен айқындалады.
3. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептеу және оны төлеу туралы талап қою МҚҰ-ның міндеті емес, құқығы болып табылады. МҚҰ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес, жеке тұлға болып табылатын Қарыз алушының микрокредиті бойынша негізгі борыштың және (немесе) сыйақының кез келген төлемін өтеу жөніндегі міндеттемені орындау мерзімі өткен күннен бастап

қатарынан тоқсан күнтізбелік күн өткеннен кейін есептелген сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуді талап етуге құқылы емес.

5-тарау. Микрокредит беру туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімдері

1. МҚҰ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар мен шектеулерді ескере отырып, Өтініш берушінің Өтініште көрсеткен талаптары бойынша микрокредит беру немесе оны беруден бас тарту туралы шешімді Өтініш берушіден Өтінішті алған күннен бастап 48 (қырық сегіз) сағаттан кешіктірмей қарайды және қабылдайды. Техникалық себептер туындаған жағдайда көрсетілген мерзім ақаулар толық жойылғанға дейін ұзартылуы мүмкін.

Тұтынушылық, кепілмен қамтамасыз етілмеген микрокредит беру туралы Шарт жасасуға жеке тұлғаның өтініші бойынша шешімді МҚҰ өтініш келіп түскен сәттен бастап бір сағат ішінде қабылдайды.

2. МҚҰ Өтініш берушінің Өтінішін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қараудың бірыңғай рәсімдерін қамтамасыз етеді. Барлық Өтініштер объективтілік, теңдік және қаржылық қызметті тұтынушының құқықтарын сақтау қағидаттары негізінде қаралады.
3. МҚҰ-ның микрокредит беру туралы оң шешімінің қолданылу мерзімі, егер МҚҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарында өзгеше белгіленбесе, 7 (жеті) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімді құрайды. Шарт тиісті шешімнің қолданылу мерзімі ішінде жасалады.
4. Микрокредит беру немесе оны беруден бас тарту туралы шешімді МҚҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған өкілеттіктер шегінде кредиттік скоринг және (немесе) МҚҰ-ның уәкілетті тұлғасы (уәкілетті органы) қабылдайды. Өтініш беруші қабылданған шешім туралы МҚҰ-ның ішкі рәсімдерінде көзделген тәсілмен, оның ішінде Өтініште көрсетілген электрондық пошта арқылы және (немесе) SMS-хабарлама жіберу арқылы хабардар етіледі.

6-тарау. Адал мінез-құлық және жауапты микрокредиттеу қағидаттары

1. МҚҰ микроқаржылық қызметті № 92 талаптардың 3-тарауында белгіленген адал мінез-құлық қағидаттарын және жауапты микрокредиттеу тәсілдерін сақтай отырып жүзеге асырады. МҚҰ-ның басқару органы МҚҰ-ның ішкі құжаттарының, бизнес-процестерінің, уәждеу және сыйақы беру жүйелерінің, сондай-ақ іскерлік практикасының көрсетілген қағидаттарға сәйкестігін қамтамасыз етеді.
2. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыру кезінде адал мінез-құлықтың қағидаттары мыналар болып табылады:
 - **адалдық** - қаржылық қызметтерді тұтынушылардың сенімін теріс пайдаланбай, олардың мүдделеріне сай қызметті жүзеге асыру;
 - **болжамды залалға жол бермеу** - қаржы өнімдерін әзірлеу, ұсыну және оларға қызмет көрсету кезінде ықтимал тәуекелдерді бағалау негізінде қаржылық қызметтерді тұтынушы үшін залалдың және өзге де қолайсыз салдардың туындауына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау;
 - қаржылық қызметтерді тұтынушылардың мақсаттары (қажеттіліктері) мен қаржылық жағдайын ескере отырып қаржы өнімдерін ұсыну;
 - қаржы өнімі туралы ақпаратты қаржылық қызметтерді тұтынушы өнімді сатып алу талаптарын, құнын, тәуекелдерін және ықтимал салдарын ескере отырып саналы түрде таңдау жасай алатындай нысанда ашып көрсету;

- **әділ және тең қарым-қатынас** - кемсітушілікке, негізсіз шектеулерге және ішкі рәсімдерді бұза отырып қабылданған шешімдерге жол бермеу;
 - мүдделер қақтығысын анықтау, алдын алу және реттеу;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, негізгі қаржы өнімін алу талаптарын нашарлатпай, қосымша қызметтерді тек ерікті негізде ұсыну;
 - қаржылық қызметтерді тұтынушыларға, оның ішінде мүгедектігі бар адамдарға және халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына ақпарат пен қаржы өнімдеріне тең қолжетімділікті қамтамасыз ету;
 - қаржылық қызметтерді тұтынушымен өзара іс-қимылдың барлық кезеңдерінде аталған қағидаттардың сақталуына МҚҰ-ның жауапкершілік алуы.
3. Жауапты микрокредиттеуді жүзеге асыру кезінде МҚҰ мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:
- **жарамдылық қағидаты** - микрокредит қаржылық қызметтерді тұтынушының мақсаттарына (қажеттіліктеріне), қаржылық жағдайына және мүмкіндіктеріне сәйкес келеді;
 - **залалдың алдын алу қағидаты** - шешім қабылдау сәтінде қаржылық қызметтерді тұтынушының төлем қабілеттілігі мен борыш жүктемесін бағалау нәтижелері бойынша Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде елеулі қаржылық қиындықтардың туындауына жоғары ықтималдықпен әкелетін микрокредиттердің берілуіне жол бермеу;
 - **жеке бағалау қағидаты** - бағалау қаржылық қызметтерді тұтынушының жеке мән-жайларын, оның ішінде кіріс деңгейін, міндеттемелерін, әлеуметтік мәртебесі мен отбасылық жағдайы туралы мәліметтерді ескере отырып жүргізіледі;
 - **дәлелденімділік қағидаты** - МҚҰ микрокредит беру туралы шешім қабылдау кезінде пайдаланылған мәліметтер мен микрокредиттің жарамдылығын бағалау нәтижелерінің құжаттамалық рәсімделуін қамтамасыз етеді.
4. МҚҰ № 92 талаптардың 6-тарауында көзделген рәсімдер мен тетіктердің болуын, қолданылуын және олардың орындалуына тұрақты бақылауды қамтамасыз етеді, оның ішінде:
- қаржы өнімдерін олардың өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде басқаруды;
 - уәкілетті агенттердің тізілімін жүргізуді;
 - қызметкерлер мен уәкілетті агенттерді оқытуды;
 - қаржы өнімдерін күштеп таңуға жол бермейтін уәждеу жүйесін қалыптастыруды;
 - адал мінез-құлық қағидаттарының сақталуына мониторинг жүргізуге арналған басқарушылық ақпарат жүйесінің жұмыс істеуін;
 - қаржы өнімдерін әзірлеу, ілгерілету (жарнамалау) және ұсыну кезінде туындайтын, МҚҰ-ның, оның қызметкерлерінің, уәкілетті агенттерінің немесе серіктестік келісімдер шеңберіндегі үшінші тұлғалардың мүдделері қаржылық қызметтерді тұтынушы үшін теріс салдарға әкеп соғатын (әкеп соғуы мүмкін) мүдделер қақтығысын анықтауды, алдын алуды және реттеуді;
 - адал емес практикаларды анықтауды, тіркеуді және оларға жол бермеуді.
5. МҚҰ қызметкерлері мен уәкілетті агенттерінің уәждеу және сыйақы беру жүйелері қаржы өнімдерін күштеп ұсынуға, сондай-ақ қаржылық қызметтерді тұтынушылардың мақсаттарына (қажеттіліктеріне) және қаржылық мүмкіндіктеріне сәйкес келмейтін қаржы өнімдерін ұсынуға ынталандыруды болдырмайтындай етіп қалыптастырылады.

6. МҚҰ № 92 талаптардың 9-тарауына сәйкес қызметкерлер мен уәкілетті агенттерге арналған оқыту бағдарламалары мен әдістемелік материалдарды әзірлеуді, енгізуді және оларды тұрақты түрде өзектендіруді, сондай-ақ қолданыстағы және әлеуетті қаржылық қызметтерді тұтынушылар - жеке тұлғалардың қаржылық сауаттылық деңгейін арттыруға бағытталған іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз етеді.

7-тарау. Микрокредиттер беруге байланысты қаржы өнімдерін ұсыну талаптары

1-параграф. Қарыз алушыларға қойылатын жалпы талаптар

1. Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын жеке тұлғалар, оның ішінде жеке кәсіпкерлер мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар МҚҰ-ның Қарыз алушылары бола алады.
2. МҚҰ-ның Қарыз алушыларына - жеке тұлғаларға, оның ішінде жеке кәсіпкерлерге қойылатын жалпы талаптар:
 - Өтініш-сауалнаманы ресімдеу сәтінде жасы 18 жастан кем емес және 75 жастан аспауы;
 - тұрақты кіріс көзінің болуы;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасының және (немесе) МҚҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес өз кірістерін растау мүмкіндігі;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекетке қабілеттілігі шектелмеген болуы;
 - борыш жүктемесі коэффициентінің (БЖК) уәкілетті орган белгілеген шекті мәннен аспауы (жеке кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаларға берілетін микрокредиттер бойынша);
 - МҚҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген өзге де талаптарға сәйкес келуі.

2-параграф. Қаржылық қызметті тұтынушы үшін микрокредиттің жарамдылығын бағалау

3. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес микрокредитті жеке тұлғаға бергенге дейін немесе кредиттік лимитті ұлғайтқанға дейін МҚҰ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық қызметті тұтынушы үшін микрокредиттің жарамдылығына бағалау жүргізеді, оған мыналар кіреді:
 - қаржылық қызметті тұтынушының төлем қабілеттілігі мен кредиттік тарихын талдау;
 - микрокредит берудің қаржылық қызметті тұтынушының қолданыстағы банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша міндеттемелерін орындау қабілетіне әсерін бағалау;
 - кредиттік тәуекелдің, мінез-құлық тәуекелінің немесе алаяқтық тәуекелінің жоғарылау белгілерінің болуын бағалау.
4. Микрокредиттің жарамдылығын бағалау мақсатында МҚҰ микрокредит алу мақсаты, микрокредитті пайдаланудың болжамды тәсілі, қаржылық қызметті тұтынушының борыш жүктемесінің деңгейі, сондай-ақ мінез-құлық және өзге де факторлар туралы ақпаратты (мәліметтерді) сұратады (алады) және талдайды. Жарамдылықты бағалау кезінде МҚҰ қаржылық қызметті тұтынушының микрокредит алуына байланысты туындайтын барлық шығыстарын, оның ішінде қосымша қызметтерге жұмсалатын шығыстарды, егер мұндай қызметтер

микрокредит алудың міндетті шарты болып табылса, оны алу процесінің ажырамас бөлігі ретінде ұсынылса немесе қаржылық қызметті тұтынушы үшін сөзсіз қажетті болса, ескереді.

5. МҚҰ микрокредиттің жарамдылығын бағалау кезінде пайдаланылатын ақпараттың (мәліметтердің) дұрыстығы мен толықтығын тексеру үшін шаралар қабылдайды, оның ішінде кредиттік бюролардың, мемлекеттік ақпараттық жүйелердің және өзге де қолжетімді ақпарат көздерінің деректерін пайдаланады. Микрокредиттің жарамдылығын бағалау тек қаржылық қызметті тұтынушының кредиттік тарихының деректеріне ғана негізделмеуге тиіс.
6. Кредиттік тәуекелдің, мінез-құлық тәуекелінің немесе алаяқтық тәуекелінің жоғарылау белгілері болған жағдайда МҚҰ өзіне қолжетімді ақпарат көздерін пайдалана отырып, қаржылық қызметті тұтынушы ұсынған мәліметтерге қосымша тексеру жүргізеді.
7. Микрокредит жарамсыз деп танылған жағдайда МҚҰ мұндай микрокредитті қаржылық қызметті тұтынушыға ұсынбайды, микрокредит беру туралы өтінімді мақұлдамайды, сондай-ақ қолданыстағы Шарт бойынша кредиттік лимитті ұлғайтуды жүзеге асырмайды.

3-параграф. Өтінішті беру, оны қарау және Жеке кабинетте тіркелу тәртібі

8. МҚҰ микрокредиттерді мынадай кезектілікпен береді:

- а) Өтініш берушіні осы Қағидалармен таныстыру;
- ә) Сайттағы Жеке кабинетте тіркелу (егер микрокредит Жеке кабинет арқылы рәсімделсе);
- б) Өтініш берушінің Сайтта және (немесе) қағаз жеткізгіште Өтінішті ресімдеуі;
- в) Өтінішті қарау, Шарт жасасу және ол бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді Өтініш берушінің ұсынуы;
- г) Өтініш берушінің кредит төлеу қабілеттілігін бағалау, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда борыш жүктемесі коэффициентін (БЖК) есептеу;
- г) микрокредиттің жарамдылығын бағалау (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес микрокредиттер бойынша);
- д) кредиттік, құқықтық тәуекелдерді және қауіпсіздік тәуекелдерін бағалау (қажет болған жағдайда);
- е) микрокредит беру немесе оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдау;
- ж) Шартқа (өтеу кестесімен бірге) және өзге де қажетті құжаттарға қол қою;
- з) микрокредит беру.

9. Өтініш МҚҰ белгілеген нысан бойынша Сайтта/Жеке кабинетте орналастырылған немесе қағаз түрінде ұсынылған нысанға сәйкес Өтініш берушімен толтырылады және қол қойылады. Микрокредиттің сомасы мен мерзімін Өтініш беруші осы Қағидалардың 2-тарауында көзделген шектеулерді ескере отырып, Өтініште дербес көрсетеді. МҚҰ Өтінішті қарау барысында Өтініш берушінің кредит төлеу қабілеттілігін, төлем тәртібін және микрокредиттің жарамдылығын бағалау нәтижелерін ескере отырып, сұратылған микрокредиттеу талаптарын өзгертуге құқылы.
10. Жеке кабинетте тіркелу үшін клиент - жеке тұлға мынадай деректерді енгізеді (қоса тіркейді): туу туралы куәлікті қоспағанда, жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), туу туралы куәлікті қоспағанда, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі

мен қолданылу мерзімі, ұялы байланыс құрылғысының абоненттік нөмірі, ашық түсті фонда, беті тура қараған, бейтарап мимикамен және аузы жабық күйде түсірілген фотосуреті, сондай-ақ Өтінішті қарау үшін қажетті мәліметтер: жынысы, туған күні мен жері, банктік шоттың (IBAN) және (немесе) төлем карточкасының деректемелері, тұрғылықты жері (және онда тұруының негізі), отбасылық жағдайы, кәмелетке толмаған балаларының сапы, білім деңгейі, жұмыспен қамтылуы, кіріс мөлшері, келесі кіріс төлемінің күні, нақты тұратын мекенжайы мен тіркелген мекенжайы, сондай-ақ Өтініш нысанында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мәліметтер.

11. МҚҰ-ның сұратуы бойынша Өтініш беруші өзі туралы ақпаратты ұйымдарға (кредиттік бюролар, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ, «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ және өзге ұйымдар) ұсынуға және олардан алуға келісім береді. Қажет болған жағдайда Өтініш беруші Қазақстан Республикасы заңнамасының және МҚҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес өзге де қосымша құжаттарды ұсынады.
12. Өтінішті толтыру кезінде Өтініш беруші микрокредитті алу тәсілін дербес таңдайды және тиісті жолдарды толтырады (банктік шоттың нөмірі мен банктің атауы, төлем карточкасының деректемелері немесе касса арқылы алу).
13. Жеке кабинетте тіркелу Микрокредиттерді электрондық тәсілмен беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Жеке кабинетте тіркелу СДАО қызметтерін пайдалану арқылы немесе МҚҰ құрылғылары арқылы алынған биометриялық деректер негізінде биометриялық сәйкестендіру жүргізілгеннен және Қазақстан Республикасының аккредиттелген куәландырушы орталығы ұсынған клиенттің электрондық цифрлық қолтаңбасы қолданылғаннан кейін аяқталған болып есептеледі. Жеке кабинетте Өтініш берушінің ЖСН туралы деректері өзгертілмейді. Тіркеуден кейін Өтініш берушінің Жеке кабинетке кейінгі қол жеткізуі парольдерді генерациялау және (немесе) енгізу арқылы не екі аутентификациялау белгісінің кемінде біреуін (токендер, смарт-карталар, бір реттік парольдер) пайдалану арқылы жүзеге асырылады.
14. Алынған деректер негізінде кредиттік скоринг Өтініш берушінің кредит төлеу қабілеттілігін бағалайды және микрокредиттің ықтимал сомасын есептейді. Жекелеген жағдайларда түпкілікті шешім қабылдау үшін МҚҰ-ның уәкілетті тұлғасы тартылады.
15. МҚҰ алған Өтінішті Қарыз алушы кері қайтарып ала алмайды. Егер Қарыз алушы микрокредит сомасы МҚҰ тарапынан аударылғаннан кейін микрокредиттен бас тартса, ол микрокредит берілген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде микрокредиттің толық сомасын МҚҰ-ның банктік шотына қайтаруға міндетті. Олай болмаған жағдайда Қарыз алушыға Шартта көзделген барлық міндеттемелер жүктеледі.

4-параграф. Шарт жасасу тәртібі

16. Микрокредит жеке тұлғаға, оның ішінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаға, Өтініш беруші мен МҚҰ арасында микрокредит беру туралы Шарт жасасу арқылы беріледі. Шарт Қарыз алушының өз қолымен қол қоюы арқылы не Микрокредиттерді электрондық тәсілмен беру қағидаларына және Заңға сәйкес электрондық тәсілмен жасалады. Шарттың жасалған күні болып Шартта көзделген тәртіппен оған қол қойылған күн есептеледі.
17. Микрокредиттер электрондық тәсілмен берілген жағдайда барлық қажетті құжаттарға Өтініш беруші Микрокредиттерді электрондық тәсілмен беру қағидаларына және Шартқа сәйкес қампқтан қол қояды. Шарт СДАО қызметтерін пайдалану арқылы жүргізілетін биометриялық сәйкестендіруді немесе МҚҰ құрылғылары арқылы

клиентті тіркеу кезінде алынған клиенттің биометриялық деректерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аккредиттелген куәландырушы орталығы ұсынған клиенттің электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдалану арқылы жасалады.

18. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты Шартты жеке кәсіпкер ретінде тіркелген клиентпен жасасу кезінде, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдану талап етілмейді.

5-параграф. Шарт жасалғанға дейін тұтынушыға ұсынылатын құжаттар және қосымша қызметтерді ұсыну тәртібі

19. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес микрокредит беру туралы Шарт жеке тұлғамен жасалғанға дейін МҚҰ қызметкері (уәкілетті агент) жеке тұлғаға уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен бекітілген нысан бойынша жасалған негізгі ақпараттық құжатты (НАҚ), сондай-ақ қаржылық қызметті тұтынушының қалауы бойынша Шарттың жобасын жазбаша түрде ұсынады. Қаржылық қызметті тұтынушының көрсетілген құжаттармен танысқаны оның қол қоюымен не цифрлық нысанда тиісті белгіні қою арқылы расталады.
20. Шарт жасалғанға дейін консультация беру кезінде МҚҰ қызметкерлері (уәкілетті агенттер) қаржылық қызметті тұтынушыға Шарттың елеулі талаптарын, тараптардың құқықтары мен міндеттерін, микрокредитке байланысты тәуекелдерді және міндеттемелерді орындамаудың салдарын, қосымша қызметтердің талаптарын және олардан бас тарту құқығын, микрокредитті өтеу әдістерінің айырмашылығын, сондай-ақ қызметтерді көрсету мерзімдерін ауызша түсіндіреді. Бұдан басқа, МҚҰ қызметкері (уәкілетті агент) қаржылық қызметті тұтынушыға өзінің тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда) хабарлайды. Консультациялар МҚҰ-ның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен құжаттық рәсімделуге тиіс. Консультация беру кезінде адал емес практикаларға, оның ішінде анық емес немесе жаңылыстыратын ақпарат беруге, елеулі талаптар мен тәуекелдерді жасыруға, түсіндіруді қосымша қызметтерді күштеп ұсынумен алмастыруға жол берілмейді.
21. Шарт жасалғанға дейін қаржылық қызметті тұтынушыға танысу және микрокредитті өтеу әдісін таңдау үшін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тұрақты төлемдерді есептеу әдістемелеріне және уақытша базаларға сәйкес сараланған төлемдер әдісімен және аннуитеттік төлемдер әдісімен есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің жобалары ұсынылады. МҚҰ-ның ішкі құжаттарына сәйкес есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің қосымша жобалары да ұсынылуы мүмкін.
22. Қаржылық қызметті тұтынушыға ақы төленетін қосымша қызмет ұсынылған жағдайда МҚҰ Шарт жасалғанға дейін қосымша қызметтің мазмұны мен құны туралы толық әрі дұрыс ақпарат береді, қаржылық қызметті тұтынушының оны алудан бас тарту құқығын түсіндіреді және әрбір қосымша қызметті алуға арналған жеке өтінішке қол қою арқылы расталатын еркін әрі саналы таңдау жасау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Қосымша қызметті алуға арналған өтініште клиенттің келісімі, қызметтің атауы, мазмұны мен құны, одан бас тарту құқығы туралы және мұндай бас тарту микрокредит беруден бас тартуға әкеп соқпайтыны туралы ақпарат, сондай-ақ шығыстарды микрокредит сомасына енгізу немесе оларды дербес төлеу жөніндегі клиенттің таңдауы көрсетіледі. Қосымша қызметтен бас тарту микрокредит беруден бас тартуға негіз болмайды. Егер қаржылық қызметті тұтынушы сақтандыруды таңдаса, ол сақтандыру ұйымын өз бетінше айқындайды. Егер оның өз ұсыныстары болмаса, МҚҰ олардың тарифтері мен талаптарын көрсете отырып, кемінде 5 (бес) сақтандыру ұйымының қызметтерін ұсынады. МҚҰ әрбір қосымша қызмет бойынша өтініштердің Шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін алынуын және сақталуын қамтамасыз етеді.

6-параграф. Микрокредит беруден бас тарту негіздері

23. Қайтарылмау тәуекелі қолайлы деңгейде бағаланған және (немесе) Қарыз алушының МҚҰ алдындағы міндеттемелерін орындау мүмкіндігіне теріс әсер етуі мүмкін жағымсыз ақпарат анықталмаған Өтініштер мақұлданады.
24. МҚҰ Өтініш берушіге микрокредит беруден, оның ішінде мынадай жағдайларда, бас тартуға құқылы:

- МҚҰ-да микрокредиттің белгіленген мерзімде қайтарылмайды деп пайымдауға негіздер болған жағдайда, өйткені ұсынылған (немесе МҚҰ-ға белгілі болған) ақпарат Өтініш берушінің ықтимал төлем қабілетсіздігін және (немесе) адал емес мінез-құлқын көрсетеді;
- Өтініш беруші туралы деректердің осы Қағидаларда белгіленген микрокредит беру талаптарына сәйкес келмеуі;
- Өтініш беруші ұсынған ақпараттың анық емес немесе толық болмауы;
- Өтініш берушінің бұрын берілген микрокредит бойынша МҚҰ алдында өтелмеген берешегінің болуы, оның ішінде қайта микрокредит алуға өтініш берген кезде қайтару мерзімі әлі келмеген микрокредит бойынша берешектің болуы;
- қажетті құжаттардың ұсынылмауы;
- Өтініш берушінің кредиттік тарихында үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерді тиісінше орындамағаны туралы мәліметтердің болуы;
- Өтініш берушінің кірісі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерден төмен болған жағдайда немесе Өтініш берушінің борыш жүктемесі коэффициентінің (БЖК) мәні Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекті мәннен асып кеткен жағдайда;
- микрокредиттің жарамдылығын бағалау нәтижелері бойынша оның жарамсыз деп танылуы;
- Өтініш берушінің (оның өкілінің, бенефициарлық меншік иесінің) тәуекел факторларының тізбелерінде (тізімдерінде) болуы және теріс сипаттағы мәліметтердің болуы (борышкерлер тізімдері, Қазақстан Республикасынан шығуға шектеу қойылған тұлғалар, қозғалған атқарушылық іс жүргізулер, іздеуде жүрген адамдар, терроризм мен экстремизмді, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты тұлғалардың тізбелері, жеке тұлғалардың банкроттығы туралы мәліметтер, педофилдер базасы және өзге де мәліметтер);
- МҚҰ-ның Өтініш берушіге тиісінше тексеру жүргізу мүмкіндігінің болмауы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген негіздердің болуы;
- жеке тұлғаның кредиттік есебінде микрокредит алудан ерікті түрде бас тартудың белгіленгені туралы ақпараттың болуы, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда;
- жеке тұлғаның кредиттік есебінде Өтініш берушінің соңғы аяқталған 6 (алты) ай ішінде ойын бизнесін ұйымдастырушының пайдасына төлемдер жасағаны туралы ақпараттың болуы;
- Өтініш беруші жеке тұлғаның жұбайының (зайыбының) келісімі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес талап етілетін жағдайларда мұндай келісімнің болмауы;
- кредиттік есепте жеке тұлғаның мерзімді әскери қызметке шақырылғаны туралы ақпараттың болуы;
- кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес тұтынушылық микрокредит алуға өтініш білдірген жеке тұлғаның банктік қарыз және (немесе) микрокредит

- бойынша тоқсан күнтізбелік күннен астам мерзімі өткен берешегінің болуы, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе МҚҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де жағдайлар.

25. Жеке тұлғаға микрокредит беру туралы шешім қабылданғанға дейін МҚҰ кредиттік есепте микрокредиттерді алудан ерікті түрде бас тартудың белгіленгені, мерзімді әскери қызметке шақырылғаны, сондай-ақ бұрын алынған банктік қарыздар және (немесе) микрокредиттер туралы мәліметтердің болуына тексеру жүргізеді. Кредиттік есепте микрокредиттерді алудан ерікті түрде бас тартудың белгіленгені туралы ақпарат болған жағдайда, МҚҰ микрокредит беруден бас тартады, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, атап айтқанда тұтынушылық микрокредит сомасы қарыз алушы (сатып алушы) растаған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу мақсатында олардың сатушысының (жеткізушісінің) банктік шотына аударылатын жағдайларда және МҚҰ-дан алынған қарыз алушының микрокредиті бойынша берешекті өтеу мақсатында тұтынушылық микрокредит сомасы аударылатын жағдайларда. Кредиттік есепте жеке тұлғаның мерзімді әскери қызметке шақырылғаны туралы ақпарат болған жағдайда, МҚҰ микрокредит беруден бас тартады.
26. МҚҰ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша Шарт жасасудан және (немесе) микрокредит беруден бас тартады.

7-параграф. Алаяқтыққа қарсы іс-қимыл шаралары және тұтынушылық микрокредит берудің ерекшеліктері.

27. МҚҰ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алаяқтықтың алдын алу шараларын жүзеге асырады, оның ішінде микрокредиттерді электрондық тәсілмен беру кезінде биометриялық аутентификация жүргізуді, қарыз алушының ЖСН-ын байланыс операторларының деректерімен немесе «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы салыстыру жолымен мобильді телефон нөмірінің клиентке тиесілігін тексеруді, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нысан бойынша клиентке қатысты алаяқтық әрекеттерді анықтау мақсатында сауалнама жүргізуді, сондай-ақ клиенттің дербес деректерінің заңсыз таралуы анықталған жағдайда қосымша қауіпсіздік шараларын қолдануды қамтиды. Қаржылық қызметті тұтынушы - жеке тұлғамен мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредит беру туралы шарт жасалғанға дейін МҚҰ алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.
28. Егер жеке тұлғаның кредиттік есебінде бұрын алынған банктік қарыздар және (немесе) микрокредиттер туралы мәліметтер болмаса және шарт жасасуға арналған өтініште көрсетілген сома айлық есептік көрсеткіштің жетпіс бес еселенген мөлшерінен асып кетсе, МҚҰ мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредит беру туралы шартты тек жеке тұлғаның МҚҰ-ға жеке өзі келуі және МҚҰ-да берілген оның жазбаша келісімі негізінде биометриялық аутентификация жүргізілгеннен кейін ғана жасасады. Бұл талап қаржылық қызметті тұтынушы (қарыз алушы, сатып алушы) растаған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу мақсатында тұтынушылық микрокредит сомасын сатушының (жеткізушісінің) банктік шотына аудару жағдайларына қолданылмайды.
29. Мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредит беру туралы шарт жиырма бір жасқа толмаған немесе елу бес жастан асқан қаржылық қызметті тұтынушы - жеке тұлғамен осы жеке тұлға № 92 талаптарға сәйкес ресімделген мұндай шартты жасасуға келісім бергеннен кейін жасалады.

30. МҚҰ интернет арқылы жасалған шарт негізінде берілетін, мөлшері айлық есептік көрсеткіштің жетпіс бес еселенген мөлшеріне тең немесе одан асатын мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредит бойынша қаржылық қызметті тұтынушыға (қарыз алушыға) ақшаны шартқа қол қойылған (тиісті өтініш мақұлдаған) сәттен бастап жиырма төрт сағат өткеннен кейін және қарыз алушы көрсетілген мерзім өткен соң № 92 талаптарға сәйкес ресімделген тұтынушылық микрокредитті алуға келісім бергеннен кейін ғана аударарды. Бұл талап ақшаны беру тәсілі мен орнына қарамастан қолданылады және № 92 талаптардың 62-тармағында көзделген жағдайларға, оның ішінде микрокредит сомасын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сатушысының (жеткізүшісінің) шотына аударуға, МҚҰ-дағы қарыз алушының басқа микрокредит бойынша берешегін өтеу мақсатында микрокредит беруге, сондай-ақ қарыз алушының салықтар, айыппұлдар және атқарушылық іс жүргізу бойынша берешегін төлеу мақсатында микрокредит беруге қолданылмайды.
31. МҚҰ қайта қаржыландыруға жататын микрокредиттерді қоспағанда, тіркелген некеде (ерлі-зайыптылықта) тұрған жеке тұлғаға мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген, мөлшері бір мың айлық есептік көрсеткішке тең немесе одан асатын тұтынушылық микрокредит берген кезде азаматтық хал актілерінің цифрлық жүйесі немесе кредиттік бюролар арқылы тіркелген некенің (ерлі-зайыптылықтың) бар-жоғы туралы ақпаратты тексереді және қаржылық қызметті тұтынушыға тұтынушылық микрокредит алуға жұбайының (зайыбының) келісімін ұсыну қажеттігі туралы хабарлайды. Келісім № 92 талаптарда белгіленген тәртіппен және нысан бойынша ресімделеді және әрбір микрокредит бойынша ол берілгенге дейін ұсынылуға тиіс.
32. МҚҰ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты микрокредит бойынша сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды), сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес микрокредит бойынша микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, Қарыз алушы - жеке тұлғадан микрокредит беру кезінде қандай да бір төлемдерді алмайды. Қарыз алушыға белгілі бір ақыға микрокредитті ресімдеуге жәрдемдесуге уәде беретін адамдардың әрекеттерінде алаяқтық белгілері бар екендігі, сондай-ақ мұндай адамдардың МҚҰ қызметіне ешқандай қатысы жоқ екендігі туралы хабарланады.

8-параграф. Микрокредитті беру тәртібі

33. МҚҰ микрокредит беру туралы оң шешім қабылдаған жағдайда, егер Шартта өзгеше көзделмесе, МҚҰ микрокредитті Қарыз алушыға Өтініште көрсетілген Қарыз алушының банктік шотына (төлем карточкасына) микрокредит сомасын біржолғы аудару арқылы және (немесе) терминал немесе касса арқылы қолма-қол ақша беру арқылы, және (немесе) Қарыз алушының өтініші бойынша микрокредит сомасын МҚҰ-мен сатып алынатын тауарлардың (орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) ақысын төлеуді көздейтін шарт жасалған заңды тұлғаның банктік шотына аудару арқылы береді.
34. Касса арқылы микрокредит беру қолма-қол ақшаны алатын клиенттің жеке басын куәландыратын құжатымен (туу туралы куәлікті қоспағанда) не цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынған деректермен визуалды сәйкестендіру жүргізу арқылы жүзеге асырылады.
35. Ақшаны аудару МҚҰ оң шешім қабылдап, Шарт жасалғаннан кейін, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады. Егер Шартта өзгеше көзделмесе, микрокредит берілген күн болып микрокредит сомасының Қарыз алушының банктік шотына (төлем карточкасына) немесе тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатушының банктік шотына

есепке алынған күні не терминал немесе касса арқылы қолма-қол ақша берілген күн есептеледі.

36. Қарыз алушы өзі ұсынған банктік шоттың немесе төлем карточкасының деректемелерінің дұрыстығына жауапты болады. Дұрыс емес деректемелер ұсынылған жағдайда микрокредиттің алынбау тәускелі Қарыз алушыға жүктеледі, бұл ретте микрокредит берілген, ал МҚҰ-ның міндеттемесі толық көлемде орындалған болып есептеледі.
37. Шарттың талаптарында көзделген жағдайларда Шартқа микрокредитті өтеу кестесі қоса беріледі, ол Шартта көрсетілген өтеу әдісі, негізгі борышты өтеу кезеңділігі және сыйақыны төлеу тәртібі негізінде жасалады. Берілген микрокредит туралы ақпарат Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар және кредиттік тарихтарды қалыптастыру туралы заңнамасында айқындалған талаптарға сәйкес кредиттік бюроларға беріледі.
38. МҚҰ Заңның 8-бабында көзделген Өтініш берушінің құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді қоспағанда, микрокредит сомасы Қарыз алушыға аударылғанға дейін осы Қағидаларда көзделген қызметтерді көрсетуге және міндеттемелерді орындауға міндетті емес.

9-параграф. Қайта қаржыландыру. Тіркелген некенің (ерлі-зайыптылықтың) болуы кезіндегі шектеулер

39. МҚҰ микрокредиттерді қайта қаржыландыруды және сыртқы қайта қаржыландыруды осы Қағидаларда, Қазақстан Республикасының заңнамасында және МҚҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады. Сыртқы қайта қаржыландыру мақсатында шарт жасасу кезінде МҚҰ микрокредит берілгенге дейін қаржылық қызметті тұтынушыдан (қарыз алушыдан) қайта қаржыландырылатын берешекті өтеу есебіне микрокредит сомасын ұйымның (банктің) банктік шотына аударуға, өтелуге жататын микрокредиттердің (қарыздардың) тізбесі көрсетілген келісімді алады. Мұндай келісімді шарттың өзінде көрсетуге жол беріледі. Қайта қаржыландырылатын микрокредит бойынша берешекті МҚҰ-ның банктік шотына түскен қаражат есебінен өтеу қаржылық қызметті тұтынушыдан ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеу туралы жеке өтініш алмай-ақ, қаражат есепке алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады. Егер түскен сома толық мерзімінен бұрын өтеуге жеткіліксіз болса, МҚҰ түскен сомаға тең мөлшерде ішінара мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырады.
40. Осы параграфтың сыртқы қайта қаржыландыруға қатысты ережелері № 92 талаптардың тиісті нормаларының қолданысқа енгізілу мерзімдері ескеріле отырып қолданылады.

10-параграф. Кредиттік досьені қалыптастыру

41. Кредиттік досье Қазақстан Республикасының микрокредит беру туралы шарт бойынша кредиттік досьені жүргізу тәртібін реттейтін заңнамасында және МҚҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген көлемде қағаз жеткізгіште және (немесе) электрондық нысанда қалыптастырылады және оның құрамына, оның ішінде микрокредиттің жарамдылығын бағалау нәтижелерін тіркейтін құжаттар мен мәліметтер енгізіледі.

8-тарау. Мониторинг. Шарт талаптарының орындалуын бақылау

1. Микрокредиттеу тәускелдерін анықтау және оларды барынша азайту мақсатында МҚҰ микрокредит берілгеннен кейін және Қарыз алушы өз міндеттемелерін толық

орындағанға дейін тұрақты негізде мониторинг жүргізеді, оған Шарт талаптарының орындалуын бақылау кіреді.

2. Микрокредит бойынша мониторинг мынадай іс-шараларды қамтуы мүмкін:

- Қарыз алушымен тұрақты байланыс орнату;
- Қарыз алушыда туындаған қиындықтарды анықтау және оларды еңсеру жолдарын іздестіру;
- нысаналы микрокредит берілген жағдайларда микрокредиттің нысаналы пайдаланылуын растайтын құжаттарды сұрату.

3. Мерзімі өткен берешек бойынша мониторинг осы Қағидалардың 10-тарауына сәйкес оны қайтару жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырудан тұрады.

9-тарау. Шартты өзгерту және бұзу тәртібі

1-параграф. Шартқа өзгерістер енгізу тәртібі

1. Қажет болған жағдайда Шарттың талаптарына өзгерістер Қарыз алушының сұратылып отырған өзгерістер мен оларды енгізудің себептері міндетті түрде көрсетілген еркін нысандағы өтініші негізінде, жазбаша түрде және (немесе) ақпараттандыру объектілері арқылы және (немесе) Шартта көзделген тәсілмен тиісті қосымша келісімдер жасасу арқылы енгізіледі. Берешек ішінара мерзімінен бұрын өтелген жағдайда, сондай-ақ микрокредит талаптары Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соққан кезде, Шартқа қосымша келісім жасасу талап етілмейді. Мұндай жағдайда жаңа өтеу кестесі қалыптастырылады, ол алдыңғы өтеу кестесін алмастырады және егер мұндай кестені қалыптастыру Шарттың талаптарында көзделсе, Қарыз алушы үшін міндетті болып табылады.
2. Қарыз алушы кредиттеу талаптарын өзгерту туралы өтінішпен жүгінген кезде шешімді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде осы мәселені қарау өкілеттігіне ие МҚҰ-ның уәкілетті органы (уәкілетті тұлғасы) қабылдайды. Шартқа өзгерістер осындай шешімнің қолданылу мерзімі ішінде енгізіледі. Егер микрокредит талаптарының өзгеруі Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соқса, МҚҰ жаңа талаптарды ескере отырып, Қарыз алушыға микрокредитті өтеудің жаңа кестесін жасайды және береді, егер мұндай кестені қалыптастыру Шарттың талаптарында көзделсе.
3. МҚҰ жеке тұлғамен жасалған Шарттың қолданылу мерзімін оның келісіміңсіз және Шарт талаптарының сақталуын немесе жақсартылуын қамтамасыз етпейтін талаптармен ұзартуға құқылы емес.
4. МҚҰ Шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда немесе Шарттың талаптарын өзгерту жөнінде тараптар өзара қолайлы шешімге келе алмаған жағдайда, қаржылық қызметті тұтынушы осындай шешімді алған күннен бастап үш ай ішінде микроқаржы омбудсманына (қаржы омбудсманына) жүгінуге құқылы.

2-параграф. Микрокредитті өтеу тәртібі

5. МҚҰ микрокредитті өтеу кестелерін есептеу кезінде аннуитеттік төлемдер, сараланған төлемдер және өзге де төлемдер әдістерін қолданады. Шарт бойынша бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқа төлемдердің мөлшерінен өзгеше

- болуы мүмкін. Сыйақыны есептеу мақсатында микрокредит берілген күн мен оны қайтару жөніндегі міндеттемелер толық орындалған күн бір күн ретінде қабылданады.
6. Қарыз алушыға өтеу кестесіне сәйкес төлемдерді жүзеге асырудың нақты күні белгіленеді. Егер Шартта және (немесе) өтеу кестесінде өзгеше көзделмесе, Қарыз алушы негізгі борыш пен есептелген сыйақы бойынша төлемдерді өтеу кестесінде белгіленген мерзімдерде толық көлемде жүзеге асырады. Қарыз алушы төлемдерді МҚҰ-ның банктік шотына ақша аудару, төлем жүйелерінің терминалдары арқылы төлеу немесе төлем карточкасын пайдалану арқылы қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.
 7. Қарыз алушы енгізген төлем сомасы міндеттемені толық орындауға жеткіліксіз болған жағдайда, берешек Шарттың талаптарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген кезектілікпен өтеледі.
 8. Қарыз алушы сыйақыны микрокредитті нақты пайдаланған кезең үшін өтеу кестесіне сәйкес төлейді. Кредиттеу процесі шеңберінде микрокредитті толық және ішінара мерзімінен бұрын өтеуге жол беріледі. Жоспардан тыс төлемдерді жүзеге асыру үшін, егер Шартта өзгеше көзделмесе, Қарыз алушы МҚҰ-ның техникалық қолдау қызметіне support@moneyman.kz электрондық поштасы арқылы жүгінеді немесе Жеке кабинеттегі тиісті сервисті пайдаланады.
 9. Ішінара мерзімінен бұрын өтеу кезінде негізгі борыштың сомасы азайтылады және берешек қайта есептеледі. Егер Шартта өзгеше көзделмесе, Қарыз алушыға жаңа өтеу кестесі беріледі (Жеке кабинетте орналастыру арқылы). Микрокредит толық мерзімінен бұрын өтелгеннен кейін Шарттың қолданылуы тоқтатылады және МҚҰ оны жабуды жүзеге асырады.
 10. Егер Қарыз алушы енгізген төлем сомасы микрокредитті өтеу кестесінде көзделген жоспарлы төлем сомасынан асып кетсе, Шартта өзгеше көзделмесе, жоспарлы төлемнен асатын сома келесі төлем кезеңіндегі микрокредитті өтеу есебіне жатқызылады, бұл ретте негізгі борыш пен сыйақы сомалары қайта есептелмейді.
 11. Егер Қарыз алушының ерік білдіруі бойынша МҚҰ-ның шотына ақша түссе, Қарыз алушы бұл ақша сомасының бар болған жағдайда микрокредит бойынша қалыптасқан берешекті өтеуге бағытталатынымен келіседі. Қарыз алушы толық мерзімінен бұрын өтеу үшін енгізген қаражаттың мөлшері қарыз берешегін толық өтеуге жеткілікті болған және Қарыз алушының тиісті өтініпі болған жағдайда, МҚҰ берешекті толық өтейді және Шарттың қолданылуын тоқтатады.
 12. Төлем МҚҰ-ның банктік шотына есепке алынған (аударылған) күні МҚҰ оны алған болып есептеледі, ал Қарыз алушының міндеттемесі түскен төлем сомасы шегінде орындалған болып танылады.
 13. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі өтіп кеткен жағдайда, Қарыз алушының өтініші бойынша МҚҰ оған микрокредитті өтеу мерзімін ұзартуды, оның ішінде жаңа өтеу кестесі бар берешекті реттеу туралы келісім жасасу арқылы, ұзарту кезеңі үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алмай ұсынуға құқылы. Қарыз алушының берешегі мерзімі өткенге дейін де, оның өтініші бойынша, МҚҰ микрокредитті өтеу мерзімін ұзартуға құқылы. Ұзарту кезеңінде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) есептелмейді.

3-параграф. Шартты бұзу және оның қолданылуын тоқтату тәртібі

14. Шарт тараптардың келісімі бойынша, тараптардың бірінің бастамасы бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шарттың талаптарында көзделген өзге де негіздер бойынша тоқтатылуы (бұзылуы) мүмкін. Қарыз алушы негізгі борыш бойынша берешекті, микрокредитті нақты пайдаланған кезең үшін есептелген сыйақыны, сондай-ақ айыппұл санкцияларын (бар болған жағдайда) толық өтеу арқылы Шарттың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

15. МҚҰ Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген жағдайларда, оның ішінде Қарыз алушы міндеттемелерді орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған, микрокредит алу кезінде анық емес ақпарат ұсынған және өзге де жағдайларда міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды және Шартты бұзуды талап етуге құқылы. Шартты мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім Қарыз алушыға Шартта көзделген тәсілмен жеткізіледі.
16. Егер Шарт бұзылған кезде Қарыз алушыда артық төленген сома болса, МҚҰ Қарыз алушының жазбаға өтініші (support@moneyman.kz) негізінде артық төленген соманы Қарыз алушының банктік шотына (төлем карточкасына) аудару арқылы қайтарады. Қарыз алушының өтініші бойынша артық төленген сома МҚҰ-дан алынған кез келген қолданыстағы микрокредит бойынша берешекті өтеуге бағытталуы мүмкін.
17. Шарт мынадай жағдайларда тоқтатылған болып есептеледі:
 - Қарыз алушы Шарт бойынша барлық міндеттемелерін толық орындаған күннен бастап;
 - тараптардың Шартты бұзу туралы келісімінде көрсетілген күннен бастап;
 - не Шартты бұзу туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап.

10-тарау. Төлем қабілетсіз қарыз алушымен өзара іс-қимыл жасау тәртібі

1. Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, Шартта белгіленген мөлшерде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) есептеледі.
2. Төлем қабілетсіз қарыз алушымен өзара іс-қимыл жасау және берешекті өндіріп алу кезіндегі жауапты іскерлік практика Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады. МҚҰ шарттар бойынша берешекті өндіріп алу тәртібін реттейтін ішкі құжатты бекітуді және қолдануды қамтамасыз етеді. Мұндай құжатта өндіріп алу тәртібі, нысандары, тәсілдері, мерзімдері мен кезеңділігі, әрбір өзара іс-қимыл кезінде МҚҰ қызметкерін сәйкестендіру талаптары, қарыз алушыны берешектің болуы, оның құқықтары мен міндеттері, берешекті реттеу мүмкіндіктері туралы хабардар ету тәртібі, сондай-ақ өзара іс-қимыл туралы ақпаратты тіркеу және сақтау, ішкі бақылау мен белгіленген рәсімдердің сақталуына мониторинг жүргізу тәртібі айқындалады.

Қарыз алушының мерзімі өткен төлемдері болған жағдайда, МҚҰ берешекті қайтару бойынша мынадай шараларды жүзеге асырады:

- Шартта көзделген тәсілмен хабарламалар жіберу және электрондық пошта арқылы хабарлау;
- SMS-хабарламалар жіберу және ақпараттық телефон қоңырауларын шалу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес Қарыз алушымен жеке кездесулер өткізу және әңгімелесу;
- микрокредит бойынша берешекті сот тәртібімен немесе нотариустың атқарушылық жазбасы арқылы өндіріп алу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен микрокредит бойынша құқықтарды (талаптарды) үшінші тұлғаларға беру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында, МҚҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарында және (немесе) Шартта көзделген өзге де шараларды қолдану.

3. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі өткен жағдайда МҚҰ қаржылық қызметті тұтынушыны (қарыз алушыны) Заңның 9-2-бабында көзделген тәртіппен және мерзімдерде хабардар етеді. Мерзімі өткен берешегі бар қарыз алушымен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) үшінші тұлғамен өзара іс-қимыл жасау № 92 талаптарда белгіленген уақыт, тәсілдер және кезеңділік бойынша шектеулер сақтала отырып, тек МҚҰ-ға тиесілі екендігі сәйкестендірілетін телефон нөмірлері және (немесе) өзге де байланыс құралдары арқылы жүзеге асырылады. Әрбір байланыс кезінде МҚҰ қызметкері МҚҰ-ның атауын және орналасқан жерін, өзінің тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда), лауазымын, берешектің құрылымын, сондай-ақ қарыз алушының жауапкершілігі мен өзге де міндеттемелері және оларды орындамаудың салдары туралы мәліметтерді хабарлайды. Мерзімі өткен төлемдерді өтеу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл міндетті түрде аудиофиксация жүргізіле отырып, аудио және (немесе) бейнетехника құралдарын пайдалану арқылы тіркелуге тиіс. Жазбалар кемінде үш ай сақталады.
4. Қарыз алушымен өзара іс-қимыл жасау кезінде МҚҰ берешекті өндіріп алудың заңсыз немесе адал емес тәсілдерін қолдануға жол бермейді, опың ішінде зиян келтіруге бағытталған әрекеттерге немесе қорқытуға, қорлайтын сөздерді қолдануға, ар-намысқа, қадір-қасиетке және іскерлік беделге нұқсан келтіретін мәліметтерді таратуға, сондай-ақ қарыз алушыны берешектің мөлшері, сипаты және туындау негіздері туралы жаңылыстыруға жол берілмейді.
5. Нотариустың атқарушылық жазбасы МҚҰ-ның таңдауы бойынша МҚҰ-ның өтініші негізінде нотариустың қызмет ету аумағы шегінде Қарыз алушының тіркелген жерінің мекенжайы (Шартта көрсетілген заңды мекенжай) немесе Қарыз алушының тұрғылықты жерінің мекенжайы (Шартта көрсетілген нақты мекенжай) бойынша жасалуы мүмкін. МҚҰ МҚҰ-мен үлестес тұлға болып табылатын нотариуска нотариаттық әрекеттер жасау үшін жүгінуге, сондай-ақ Қарыз алушыдан берешек сомасын өндіріп алу мақсатында жеке сот орындаушыларымен ынтымақтастықты көздейтін шарттар жасасуға және МҚҰ-мен үлестес тұлға болып табылатын жеке сот орындаушысымен атқарушылық құжатты орындау талаптары туралы келісімдер (шарттар) жасасуға құқылы емес.
6. Егер Қарыз алушы микрокредитті және есептелген сыйақыны өтеу күнін 30 (отыз) күнтізбелік күннен астам мерзімге бұзса және Заңның 9-2-бабының 5-тармағының талаптарына сәйкес келген жағдайда, егер мұндай құқық Шартта көзделген болса, МҚҰ коллекторлық агенттікке сотқа дейінгі өндіріп алу және реттеу үшін берешекті оған барлық қажетті ақпарат пен құжаттарды ұсына отырып беруге құқылы.
7. Қаржылық қызметті тұтынушы - жеке тұлғамен жасалған Шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) беру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар сақтала отырып және көзделген жағдайларда жүзеге асырылады. Құқықтарды (талаптарды) беру туралы шарт жасалғанға дейін МҚҰ қарыз алушыны құқықтарды (талаптарды) жоспарланып отырған беру және дербес деректерді өңдеу (беру) туралы хабардар етеді, ал құқықтардың (талаптардың) ауысқаны туралы құқықтарды беру туралы шарт жасалған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жаңа кредитор туралы мәліметтерді, кейінгі төлемдердің тағайындалуын, берілген құқықтардың (талаптардың) көлемін, сондай-ақ берешектің мөлшері мен құрылымын көрсете отырып хабарлайды.

11-тарау. Клиенттермен жұмыс жүргізу тәртібі туралы ереже

1-параграф. Клиенттермен жұмыс жүргізудің жалпы ережелері мен қағидаттары

1. Осы тарау МҚҰ-ның клиенттермен (қаржылық қызметтерді тұтынушылармен) өзара іс-қимылдың барлық кезеңдеріндегі жұмыс тәртібін айқындайды: ақпараттандыру

және консультация беру, Өтінішті қарау, Шартты жасасу, орындау, өзгерту және тоқтату, микрокредитке қызмет көрсету, берешекті реттеу және өтініштерді қарау кезінде. МҚҰ өз қызметін Қазақстан Республикасының микроқаржылық қызмет туралы заңнамасына, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне, № 92 талаптарға және МҚҰ-ның ішкі құжаттарына сәйкес клиенттердің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтай отырып жүзеге асырады.

2. Клиенттермен жұмыс жүргізудің негізгі қағидаттары:

- клиенттермен өзара іс-қимыл жасау кезінде заңдылық пен әділдікті сақтау;
- микрокредит беру талаптары туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- клиенттерге скіушты түсіндіруге жол бермейтін нысанда толық әрі анық ақпарат ұсыну;
- клиенттердің дербес деректерінің құпиялылығы мен қорғалуын қамтамасыз ету;
- адал әрекет ету және клиенттерді жаңылыстыруға жол бермеу;
- әділ әрі тең қатынасты қамтамасыз ету, кемсітушілікке жол бермеу, оның ішінде мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін көрсетілетін қызметтерге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- жауапты микрокредиттеу қағидаттарын сақтау және клиенттің шамадан тыс борыштық жүктемесіне жол бермеу;
- мүдделер қақтығысын анықтау, оның алдын алу және реттеу.

3. МҚҰ қызметкерлері мен уәкілетті агенттері клиенттермен өзара іс-қимыл жасау кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, № 92 талаптардың және МҚҰ-ның ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға, клиенттердің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын әрекеттерге жол бермей, дұрыс, адал, құрметті және ашық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге міндетті.

2-параграф. Клиенттерді ақпараттандыру және консультация беру

4. МҚҰ клиенттер мен әлеуетті клиенттердің Қазақстан Республикасының заңнамасында және № 92 талаптардың 4-тарауында көзделген тәртіппен ашылуға жататын ақпаратқа қол жеткізуін МҚҰ үй-жайларында, Мобильді қосымшада, Сайтта орналастыру, сондай-ақ консультациялар беру арқылы қамтамасыз етеді. Жалпы ақпараттандыру шеңберінде, оның ішінде мынадай ақпарат ашылады:

- МҚҰ-ның толық атауы, сондай-ақ пайдаланылатын тауар белгісі (бренд);
- микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияның болуы туралы мәліметтер және байланыс ақпараты (орналасқан жері, телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы);
- микрокредиттер мен өзге де қаржы өнімдерінің тізбесі, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі (ЖТСМ), сондай-ақ өнім арналған тұтынушылардың нысаналы тобы көрсетіле отырып;
- қолданыстағы сыйақы мөлшерлемелері мен көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтер, олардың бекітілген және өзгертілген күндері, ішкі құжаттардың нөмірлері және оларды бекіткен орган туралы мәліметтер көрсетіле отырып;
- микрокредиттер беру қағидалары, уәкілетті агенттердің тізілімі, өтініш беру нысаны және қаржылық қызметті тұтынушының (қарыз алушының) - жеке тұлғаның Шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішінің нысаны;
- өтініштерді беру тәртібі мен тәсілдері, оларды қарау мерзімдері, сондай-ақ микроқаржы (қаржы) омбудсманьна және уәкілетті органға жүгіну құқығы, микроқаржы (қаржы) омбудсманьны қызметінің байланыс деректері.

5. МҚҰ Сайтта қаржылық қызметті тұтынушыға сараланған және аннуитеттік өтеу әдістерін пайдалана отырып микрокредит бойынша төлемдердің мөлшерін, төлемдердің жалпы сомасын, сондай-ақ барлық төлемдерді ескере отырып жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің (ЖТСМ) қорытынды мәнін айқындауға мүмкіндік беретін автоматтапдырылған есептеу құралдарын (калькуляторларды) орналастырады. Калькуляторлардың көмегімен қалыптастырылатын ақпараттың анықтамалық сипатта екендігі туралы тиісті ескерту беріледі.
6. МҚҰ клиентпен өзара іс-қимылдың барлық кезеңдерінде: Шарт жасалғанға дейін, Шарт жасасу кезінде және микрокредитке қызмет көрсету процесінде консультациялар береді және микрокредиттің талаптарын түсіндіреді. Ақпарат клиентке оның мазмұнын бұрмаламай, түсінікті және қолжетімді нысанда жеткізіледі, қажет болған жағдайда арнайы терминдерге түсініктеме беріледі.
7. Егер клиентте Шарт бойынша тараптардың өзара қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасын қолдануға қатысты сұрақтар туындаса, МҚҰ мұндай сұрақтың мәні бойынша дәлелді жауап және өзге де тиісті түсіндірмелер береді. МҚҰ клиенттерге берспекті төлеуден жалтару әдістері мен тәсілдерін қолдану және (немесе) оны төлемегені үшін жауапкершіліктен жалтару мәселелері бойынша, сондай-ақ осыған ұқсас өзге де мәселелер бойынша консультациялар бермейді.

3-параграф. Жол берілмейтін (адал емес) практикалар

8. МҚҰ-ның клиенттермен жұмыс жүргізу барысында адал емес практикаларды қолдануына жол берілмейді, оның ішінде:
 - қаржылық қызметті тұтынушының құқықтарын шектейтін және өзінің мазмұны бойынша немесе іскерлік айналым әдет-ғұрыптарына сәйкес мәміленің нысанасына қатысы жоқ қосымша талаптар немесе шарттар қоя отырып микрокредит беру;
 - қаржылық қызметті тұтынушының борыштық жүктемесін бағалау кезінде пайдаланылатын деректерді қасақана бұрмалау, оның ішінде құжатпен расталмаған кірістер деңгейін асыра көрсету, сондай-ақ қолданыстағы міндеттемелерді борыштық жүктеме коэффициентін есептеуден алып тастау;
 - белгіленген реттеушілік талаптарға формальды түрде сәйкестендіру мақсатында ғана микрокредиттің сомасын және (немесе) мерзімін кейіннен өзгерту;
 - клиентті белгілі бір қаржылық қызметті немесе қосымша қызметті таңдауға итермелеу мақсатында оған психологиялық қысым көрсету;
 - клиенттің жағдайын нашарлатуға әкеп соғатын бұрын рәсімделген микрокредитті өтеу мақсатында клиентті жаңа қарыз (микрокредит) шартын жасасуға ынталандыру;
 - микрокредиттің елеулі талаптары, оның ішінде оның нақты құны мен қолданылатын мөлшерлемелер туралы ақпаратты жасыру немесе бұрмалау;
 - қаржылық қызметті тұтынушының қосымша қызметті алумен бас тарту құқығы туралы ақпаратты жасыра отырып микрокредит ұсыну, микрокредит алуды қосымша қызметті сатып алумен байланыстыру, міндетті болып табылмайтын қосымша қызметтерді сатып алуға итермелеу, сондай-ақ міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге байланысты емес ерікті сақтандыру шартын жасасудан бас тартқан жағдайда сыйақы мөлшерін ұлғайту;
 - қызметкерлер мен уәкілетті агенттердің тек берілген микрокредиттер көлемін (берешек мөлшерін) ұлғайтуға ынталандыратын, қызмет көрсету сапасын, микрокредиттердің нақты қайтарылуын және өнімдердің клиенттердің мақсаттары мен қаржылық мүмкіндіктеріне сәйкестігін ескермейтін уәждеу және сыйақы беру жүйелерін қалыптастыру;

- төлем қабілетсіз қаржылық қызметті тұтынушының берешегін оған нақты экономикалық нәтиже берместен формальды түрде реттеу;
 - клиенттің басқа қаржы ұйымымен шарт жасасуына кедергі келтіру мақсатында кредиттік бюроларға немесе өзге де ұйымдарға клиент туралы анық емес ақпарат беру;
 - қаржылық қызметті тұтынушылардың өтініштерін, оның ішінде Шарттың талаптарын өзгерту туралы өтініштерді қарау мерзімдерін қасақана созу;
 - берешекті өндіріп алу кезінде заңсыз немесе адал емес әдістерді қолдану.
9. Серіктестік келісімдер шеңберінде микрокредитті ұсынуға, ілгерілетуге, консультация беруге, рәсімдеуге және (немесе) сүйемелдеуге қатысатын үшінші тұлғалардың әрекеттері (әрекетсіздігі) адал мінез-құлық және жауапты микрокредиттеу қағидаттарының сақталуын бағалау кезінде МҚҰ-ның әрекеттері (әрекетсіздігі) ретінде қарастырылады. МҚҰ ішкі құжаттарында үшінші тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау кезінде адал емес практикалардың тәуекелдерін анықтау тетіктерінің және мұндай өзара іс-қимыл модельдерінің № 92 талаптарға сәйкестігіне мониторинг жүргізу тетіктерінің болуын қамтамасыз етеді.

4-параграф. Клиентпен өзара іс-қимыл жасау рәсімдері

10. Клиентпен өзара іс-қимыл мынадай рәсімдер бойынша жүзеге асырылады:

- **Өтініш беру және консультация беру** - Өтініш Мобильді қосымша арқылы, МҚҰ бөлімшесінде немесе уәкілетті агент арқылы қажетті мәліметтер мен құжаттарды қоса бере отырып ұсынылады. МҚҰ өзара іс-қимылдың барлық кезеңдерінде консультациялар береді және микрокредиттің талаптарын түсіндіреді;
- **Сәйкестендіру және қауіпсіздікті тексеру (онлайн-арналар үшін)** - микрокредиттерді электрондық тәсілмен беру кезінде МҚҰ клиенттің биометриялық аутентификациясын жүргізеді. Клиенттің дербес деректерінің заңсыз таралуы анықталған жағдайда, оның ішінде клиентке тиесілі ұялы телефон нөмірін тексеруді қоса алғанда, қосымша қауіпсіздік шараларын жүзеге асырады. Заңнамада көзделген жағдайларда алаяқтық әрекеттерді анықтау мақсатында клиентке сауалнама жүргізеді;
- **Төлем қабілеттілігін (кредит төлеу қабілеттілігін) және микрокредиттің жарамдылығын бағалау**, микрокредит беру немесе оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдау және МҚҰ-ның ішкі рәсімдерінде көзделген тәсілмен қабылданған шешім туралы клиентті хабардар ету;
- **Шарт жасасу, микрокредитті беру және оған қызмет көрсету** - қызмет көрсету клиенттің міндеттемелерінің орындалуын есепке алуды және бақылауды, төлемдерді қабылдауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және МҚҰ-ның ішкі құжаттарында белгіленген мерзімдерде клиенттің сұратуы бойынша берешектің жай-күйі туралы ақпаратты және Шартты жасасуға және орындауға байланысты өзге де құжаттарды (олардың көшірмелерін) ұсынуды қамтиды;
- **Берешекті реттеу** - мерзімі өткен берешек туындаған жағдайда МҚҰ клиентті оның туындау фактісі, мөлшері, салдары және оны реттеудің ықтимал тәсілдері (оның ішінде Шарттың талаптарын өзгерту туралы) жөнінде осы Қағидалардың 10-тарауында және № 92 талаптарда көзделген тәртіппен, заңсыз немесе адал емес өндіріп алу әдістерін қолданбай, уақтылы хабардар етеді;
- **Өтініштер мен дауларды қарау** - МҚҰ клиенттердің өтініштерін заңнамада белгіленген мерзімдерде қарайды және осы Қағидалардың 13 және 14-

тарауларында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасай отырып, дәлелді (негізделген) жауаптар береді.

11. Клиент (оның құқық мирасқоры немесе өкілі) МҚҰ-ға Шарттың талаптарын өзгерту туралы (оның ішінде берешекті реттеу туралы) өтінішпен жүгінуге құқылы. МҚҰ мұндай өтінішті Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Қағидалардың 9-тарауында және МҚҰ-ның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарайды, шешім қабылдайды және клиентке дәлелді жауап жібереді.

5-параграф. Өзара іс-қимылды тіркеу және қызмет көрсету сапасын бақылау

12. Клиенттің келісімі (немесе алдын ала ескертілуі) болған жағдайда МҚҰ микрокредиттеу процессін бақылау, верификация жүргізу және берешекті қайтару бойынша жұмыс жүргізу мақсатында клиентпен өзара іс-қимылды аудио және (немесе) бейнежазбаға түсіруге құқылы. Телефон арқылы жасалған ауызша өтініштер міндетті түрде тіркелуге жатады. Телефон арқылы сөйлесулер клиентке әңгіме басталғанға дейін бұл туралы хабарланғаннан кейін жазылады. Клиентпен өзара іс-қимылды растайтын мәліметтер мен жазбалар Қазақстан Республикасының заңнамасында және МҚҰ-ның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде, оның ішінде ықтимал даулы жағдайларды шешу мақсатында МҚҰ-да сақталады.
13. МҚҰ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес клиенттермен жұмыс жүргізу кезінде адал мінез-құлық қағидаттарының сақталуын бағалау және мониторинг жүргізу үшін басқарушылық ақпарат жүйесінің жұмыс жүргізуін қамтамасыз етеді. Мұндай жүйе клиенттердің өтініштеріне мониторинг және талдау жүргізуді, клиенттердің қанағаттану деңгейіне сауалнама жүргізуді, консультация беру мен қызмет көрсету сапасын тексеруді (оның ішінде «құпия сатып алушы» әдісімен), сондай-ақ қызметкерлер мен уәкілетті агенттердің қызметіне мониторинг жүргізуді қамтиды.

12-тарау. МҚҰ мен қаржылық қызметті тұтынушының құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершілігі

1-параграф. МҚҰ-ның міндеттері

1. МҚҰ:

- орналасқан жері немесе атауы өзгерген жағдайда мұндай өзгерістер туралы уәкілетті органды, сондай-ақ Өтініш берушілерді/Қарыз алушыларды МҚҰ орналасқан жері бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі екі баспа басылымында тиісті ақпаратты жариялау арқылы не әрбір Өтініш берушіні/Қарыз алушыны осындай өзгерістер енгізілген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етуге;
- осы Қағидалардың көшірмесін, микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері мен тарифтер туралы өзекті ақпаратты көпшілікке қолжетімді жерде, оның ішінде Сайтта орналастыруға;
- қаржылық қызметті тұтынушыға микрокредитті алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық әрі анық ақпарат беруге;
- Шарт жасалғанға дейін әртүрлі өтеу әдістерімен (сараланған және аннуитеттік төлемдер әдістерімен) есептелген өтеу кестелерінің жобаларын, ал микрокредиттің талаптары өзгерген жағдайда жаңа өтеу кестесін ұсынуға;

- кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес жеке тұлға үшін микрокредиттің жарамдылығына бағалау жүргізуге және оның нәтижелерін құжаттық түрде ресімдеуге;
- Қарыз алушыны (Өтініш берушіні) микрокредит алуға байланысты құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда туындауы мүмкін салдарлар туралы хабардар етуге;
- Шарт бойынша мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшілеріне уәкілетті орган айқындаған тәртіппен микрокредит бойынша сыйақы есептемей, мерзімді әскери қызмет өткеру кезеңін және ол аяқталғаннан кейінгі 60 күнді қамтитын мерзімге негізгі борыш пен сыйақы бойынша төлемдерді кейінге қалдыруды ұсынуға;
- сақтандыру шартын жасасу көзделген микрокредит толық мерзімінен бұрын өтелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қаржылық қызметті тұтынушыны (қарыз алушыны) осындай сақтандыру шартын бұзу және сақтандырудың пайдаланылмаған кезеңі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтару құқығы туралы хабардар етуге;
- қаржылық қызметті тұтынушының (қарыз алушының) өтініші бойынша микрокредит бойынша берешек толық өтелгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде берешектің жоқ екендігі туралы анықтаманы ақысыз негізде ұсынуға;
- Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органға тиісті мәліметтерді ұсынуға;
- Қарыз алушыны Шартта көзделген сома шегінде және талаптарда микрокредит беру арқылы қаржыландыруға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес микрокредит беру құпиясын сақтауға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында, құрылтай құжаттарында және жасалған Шарттың талаптарында белгіленген өзге де талаптарды сақтауға міндетті.

2-параграф. МҚҰ-ның құқықтары

2. МҚҰ:

- Қарыз алушыға SMS-хабарламалар, электрондық поштаға хаттар, телефон қоңыраулары арқылы берешекті өтеу мерзімінің жақындағаны және микрокредитке байланысты өзге де іс-шаралар туралы еске салуға;
- Қарыз алушының келісімі болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кредиттік бюроларға, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-қа және өзге де ұйымдарға ақпарат ұсынуға (алуға);
- Қарыз алушының келісімі болған жағдайда оның дербес деректерін тексеруге және оңдеуге, сондай-ақ өз қалауы бойынша оларды өңдеуді тоқтатып, жоюға;
- тоқсан (90) күнтізбелік күннен астам мерзімі өткен берешекке қатысты теріс ақпаратты ұсынуға және алуға;
- Қарыз алушыдан Шарт бойынша барлық міндеттемелерді тиісінше орындауды талап етуге және мерзімі өткен төлемдер болған жағдайда берешекті қайтару жөніндегі жұмысты жүзеге асыруға;
- Қарыз алушы Шарттың талаптарын бұзған немесе мерзімі өткен берешек қалыптасқан жағдайда микрокредит бойынша берешекті (негізгі борыш сомасын,

сыйақыны, Шартқа сәйкес есептелген тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды)) толық өтеуді талап етуге;

- Өтініш берушіден/Қарыз алушыдан Шартты жасасу және ол бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;
- Өтінішті қараудың кез келген кезеңінде, оның ішінде МҚҰ үшінші тұлғалардан тартатын ақша ресурстарын қалыптастыру талаптарының өзгеруіне байланысты микрокредит беруден (Шарт жасасудан) бас тартуға;
- тиісті түрде алдын ала хабарланған және келісім болған жағдайда кредиттеу процесін бақылау, верификация жүргізу және берешекті қайтару бойынша жұмыс мақсатында Өтініш берушіні/Қарыз алушыны фотоға түсіруге, әңгімелесуді аудио және бейпежазбаға жазуға;
- микрокредит берілгенге дейін Өтініш берушіні/Қарыз алушыны SMS-хабарлама және (немесе) электрондық пошта және (немесе) Өтініште көрсетілген мекенжайға пошта жөнелтілімі арқылы хабардар ете отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;
- Қарыз алушының қаржылық жағдайына мониторинг жүргізуге;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, микроқаржылық қызметпен қатар өзге де қызметті жүзеге асыруға;
- Қарыз алушыны акциялар мен жаңа ұсыныстар туралы маркетингтік ақпаратпен хабардар етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарттың талаптарына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

3-параграф. МҚҰ үшін белгіленген шектеулер

3. МҚҰ:

- микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған Қарыз алушы - жеке тұлғадан мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және өзге де төлемдерді талап етуге;
- сыйақы мөлшерлемелерін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгертуге;
- заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қарыз алушы - жеке тұлғадан сыйақы мен тұрақсыздық айыбынан (айыппұлдан, өсімпұлдан) басқа кез келген төлемдерді белгілеуге және өндіріп алуға;
- егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мерекесі күніне сәйкес келсе және төлем оған кейінгі бірінші жұмыс күні жүргізілсе, тұрақсыздық айыбын немесе өзге де айыппұл санкцияларын өндіріп алуға;
- теңгемен берілген микрокредит бойынша міндеттемелер мен төлемдерді қандай да бір шетел валютасының баламасына байланыстыра отырып индекстеуге;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, банктік қарыз және (немесе) микрокредит бойынша тоқсан күнтізбелік күннен астам мерзімі өткен берешегі бар жеке тұлғаға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес микрокредит беруге;
- кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес микрокредит бойынша Қарыз алушы - жеке тұлғаның негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша кез келген төлемді өтеу жөніндегі міндеттемені орындау мерзімі қатарынан тоқсан күнтізбелік күн өткеннен кейін есептелген сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуді талап етуге;
- Қазақстан Республикасының заңдарында немесе Шартта өзгеше көзделмесе, Қарыз алушының келісімінсіз микрокредит бойынша құқықтарды (талаптарды) үшінші тұлғаларға беруге;

- Қарыз алушыдан берешек сомасын өндіріп алу мақсатында жеке сот орындаушыларымен ынтымақтастықты көздейтін шарттар жасасуға, сондай-ақ МҚҰ-мен үлестес тұлға болып табылатын жеке сот орындаушысымен атқарушылық құжатты орындау талаптары туралы келісімдер (шарттар) жасасуға;
- МҚҰ-мен үлестес тұлға болып табылатын нотариусқа нотариаттық әрекеттер жасау үшін жүгінуге және Қарыз алушының (борышкердің) Шартта көрсетілген мекенжайына сәйкес нотариустың қызмет ету аумағынан тыс жерде атқарушылық жазба жасау туралы нотариусқа өтініш беруге;
- жеке тұлғамен жасалған Шарттың қолданылу мерзімін оның келісімінсіз және Шарт талаптарының сақталуын немесе жақсартылуын камтамасыз етпейтін талаптармен ұзартуға;
- МҚҰ мұндай бас тартуды алған сәттен бастап, мұндай ақпаратты алудан бас тартқан қаржылық қызметті тұтынушыға қатысты жарнамалық хабарламаларды, оның ішінде SMS-хабарламалар, push-хабарламалар және өзге де хабарламалар арқылы таратуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шарттың талаптарында белгіленген өзге де шектеулерді бұзуға құқылы емес.

